

## ХАТТАМАСЫ

04 наурыз 2024 жыл

### Күн тәртібінде :

1. «№ 36 қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу туралы

### Тыңдалды

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры Сарин Бауыржан Утеумагамбетович сөз алды.

-Құрметті әріптестер , өздеріңіз біліп отырсыздар мектеп Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті республикалық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының бекітілген кестесіне сәйкес 2024 жылы қыркүйек айында мемлекеттік аттестаттаудан өтеді

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5-бабының 21-2 тармақшасына сай білім беру ұйымдарының білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру туралы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдарын негізге ала отырып, өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізіледі. Бағалау жұмыстарына 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары толық қамтылады.

Өзін-өзі бағалау жұмыстарының мерзімі 2024 жылдың 04 наурыз-14 сәуір аралығы. Жұмыс барысында 2023-2024 оқу жылының барлық қорытынды нәтижелері алынады.

Өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін жауапты комиссия құрылуы керек.

Әдістемелік ұсынымның 2-тарауы 6-тармақшасына сәйкес 5 адамнан, оның ішінде Төрағадан тұратын комиссия құрылады.

### Педагогикалық кеңес шешім етеді:

1. Мемлекеттік білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін «№ 36 қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілсін.
2. «№ 36 қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өзін-өзі бағалауды жұмыстарының мерзімі 04 наурыз-14 сәуір аралығы болып бекітілсін.
3. Өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін жауапты комиссия құрылсын.

Педагогикалық кеңес төрағасы  Б. У. Сарин

Хатшы  А. Ы. Айтыманова





## ХАТТАМАСЫ

23 мамыр 2024 жыл

### КҮН ТӘРТІБІ :

1. Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 05 желтоқсан 2022 жылғы №486 бұйрығы негізінде «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» өлшемшарттар талаптарына сәйкес «№36 қазақ орта мектебі» КММ қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау есебінің қорытындысы . Хабарламашы- мектеп директоры Б.У.Сарин .

### Тыңдалды:

1. Сарин Бауыржан Утеуамагамбетович — мектеп директоры, комиссия төрағасы  
Мектепте жүргізілген өзін-өзі бағалау қызметінің орындалуы бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып, қорытынды анықтамамен таныстырды. Ағымдағы жылдың 4 наурызынан бастап мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау ұйымдастыру және жүргізу үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы «Бастауыш,негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі , дјни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы » №473 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» әдістемелік ұсынымы басшылыққа алынды.

Бекітілген комиссия мүшелерінің құрамы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жезеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш ,негізгі орта, жалпы орта , техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей үлгілік стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығының талаптарына сәйкес оқу-тәрбие жұмысын іске асыру, сабақтан тыс өткізілетін білім берудің әртүрлі нысандарын ұйымдастыруды іске асыру өлшемшарттары бойынша зерделеу жүргізді. Аралық және қорытынды емтихан алу талаптарын қатаң сақтай отырып, нәтижелерін болашақта қосамыз.

Ұжым алдында өзін-өзі бағалау өлшемшарттары бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып, қорытынды анықтамамен таныстыру үшін сөз комиссия мүшелеріне берілді.

### Сөйлеушілер :

1.Ибрашева Шолпан Данабековна - комиссия мүшесі, бастауыш сынып мұғалімі

1-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының (1,2,3,4,5,6,10-тармақшалары ,10 – тармақтың 1-тармақшасы,11-тармақтың 1,2-тармақшасы) негізінде мектеп алды даярлық сыныптарындағы, 1-4 сыныптардағы жұмысты зерделеп, өзін-өзі бағалау жүргізілді

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың және бастауыш білім берудің оқу бағдарламаларының іске асырылуы;

- Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды даярлық сыныптарындағы тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптары;



- Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне және оқу мерзіміне қойылатын талаптары туралы зерделенген жұмыстар жайлы айтып өтті.

2. Бокаева Нургүл Сайлауовна - комиссия мүшесі, мектеп директорының әдістеме ісі жөніндегі орынбасары :

- 2-параграф. Бастауып, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша зерделенген жұмыстарға тоқталды. (12,13,14,15 тармақтар)

Педагог кадрлардың бейіні бойынша дипломдары, біліктілік санаттары, білім жетілдіру курстарынан өту барысы, мектептің материалдық базасы туралы ;

3. Туткушева Куляш Исәиновна - комиссия мүшесі, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

- білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

- білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көрнемендік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

- "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсына иеру;

- "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсына іске асыру бөлімдері, яғни мектептегі тәрбие саласы бойынша жүргізілген жұмыстарға тоқтала отырып, «BilimClass» электронды журналында анықталған кемшіліктермен жұмыс жасау керектігін атап көрсетті.

4. Избасарова Бағдат Канатқызы - комиссия мүшесі, информатика пәні мұғалімі

- өлшемшарт талаптарына сәйкес 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы мектептің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелерінің қайта қаралып өткендігін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкестігі атап өтілді.

Сыныптарды, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар үшін оқуды ұйымдастыру, олардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау туралы зерделенген жұмыстарға тоқталды.

5. Қарибаева Қалдыгүл Ақдаулетовна- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

- ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі, аралық және қорытынды аттестаттау емтихандарының жүргізілуі мен нәтижелері туралы қосымша хабарланады.

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

4, 9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау, яғни алынған кешенді тестілеу және алынған сауалнамалар қорытындысы туралы баяндады.

Әдістемелік ұсынымдарға қосымшалар:

- Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер 7-қосымша,

- Білім алушылар контингентінің құрылымы 8-қосымша,



- Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы, оның ішінде компьютерлердің болуы, оқу зертханаларының, оқу пәндік кабинеттерінің және оқытудың техникалық құралдарының болуы туралы мәліметтер 9-қосымша
- Медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы, оның ішінде медициналық пункттің және медициналық қызметке лицензияның болуы туралы мәліметтер 10-қосымша
- Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер 11-қосымша
- Оқу, көркем және ғылыми әдебиет қорының болуы туралы мәліметтер 12-қосымша
- Бітіру сыныптарын тестілеу нәтижелері 13-қосымша
- Білім беру ұйымында тәрбие жұмысын ұйымдастыру және қосымша білім беру 13-1 қосымшалары толтырылды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығы, 1-қосымшасындағы «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына» 4-қосымшасындағы бағалау парағы толтырылған кесте көрсетіліп, күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып, талқылана отырып, педагогикалық кеңес шешім қабылдады.

#### ШЕШІМ :

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметіне, «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметіне жүргізген өзін-өзі бағалау комиссиясының жұмысы есепке алынсын.
2. Өзін-өзі бағалау қорытындысы білім беру процесіндегі барлық қатысушылардың назарына жеткізілсін / ата-аналар, білім алушылар, мектептің қамқоршылық кеңес мүшелеріне/
3. Мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері бойынша қамқоршылық кеңес алдында есеп берілсін
4. Өзін-өзі бағалау есебі талапқа сай белгіленген уақыттан кешіктірілмей мектептің интернет ресурсына жариялансын
5. Комиссия жүргізген өзін-өзі бағалау жұмыстарының нәтижесі бойынша «№36 қазақ орта мектебі» КММ мемлекеттік аттестаттауға ұсынылсын.

Педагогикалық кеңес төрағасы  
Хатшысы



Б.У.Сарин  
А. Ы. Айтыманова